

Тойшыбек ИПҰЛЫ

А 2006

836 к



**Егемен
елміз,
еркінбіз!**

Тойшыбек ИПҰЛЫ

Егемен елміз, еркінбіз!



“Фолиант” баспасы

Астана

2005

ББК 84 (5 Қаз)

И 11

И 11 **Иіпұлы Т.**
Егемен елміз, еркінбіз! – Астана, «Фолиант» баспасы, 2005. –
168 б. + 1,0 б.т. сурет.

ISBN 9965–619–12–3

Ақын, драматург Тойшыбек Иіпұлы 1991 жылы қазақ-орыс мектептері оқушыларына арнап “Тілашар” кітапшасын, 1994 жылы қазақ, орыс мектептері мен балабақша бүлдіршіндеріне қосымша оқулық жазған. Автордың “Уақыт үні” публицистикалық поэмасы “Ана туралы аңыз”, “Аполлон және Аида естіген аңыз” дастандары жарияланған. Торғай облыстық, қалалық драма театрларында “Қанға малынған қанжар”, “Алдар көсенің ғажайып істері” драмалық сахналандырылған.

Т.Иіпұлының бұл еңбегі балаларға, ата-аналарға, ұстаздар мен білім саласында қызмет ететін қызметкерлерге, оқушыларға қосымша материал ретінде ұсынылып отыр. Кітап оқушылардың қоршаған орта жайлы таным-түсінігін, алфавитті менгеріп, тіл ұстартудағы қабілетін арттыруға мол септігін тигізеді.

4803250202

И
00(05)–05



ББК 84 (5 Қаз)

ISBN 9965–619–12–3

© Иіпұлы Т., 2005
© “Фолиант” баспасы, 2005

Әліппені жаттайық



*Атаулар жаздым өлеңмен,
Түсіндірме, тағы бар.
Болмаса толық, дегенмен,
Жалғастыр, ізден, тауын ал.*

Автор

*Бұл еңбегімді, аяулы апам, өзіңізге,
Егемен елімізде еркін өсіп жатқан
барлық бүддіршіндерге арнадым.*

Т. Иішұлы

ӘЛІППЕНІ ЖАТТАЙЫҚ

Аа

Анаңды сыйла, анаңды,
Анасыз күнің қараңғы.
Анамен жерім дәулетті,
Анамен елім сәулетті.
Анамен өмір қуатты,
Ардақта мәңгі бұл атты.

Абылай бабам данышпан,
Алаштың басын қосыпты.
Ағайын келсе алыстан,
Ақ Ордада тосыпты.

Абайым дана — асыл тас,
Алып қой-нұрлы ақылы.
Ағызды-ау Елдеп көзден жас,
Ақындардың — ақыны.

Атаның ұлы аталсаң,
Атақ та келер, табыс та.
Адамның ұлы атансаң,
Ар-ұят сонда, намыс та.

...

Әкеңді сыйла — тірегің,
 Әкеңді тыңда — тілегің,
 Әкелер — биік асқар тау,
 Әке деп соқсын жүрегің.

...

Әл-Фараби бабам да,
 Әділ жолды қолдаған.
 Әділетсіз заман да
 Әлсіздерді қорғаған.

...

Әз Жәнібек бабамыз,
 Әділ де, батыр хан болған.
 Әріден іздеп табамыз,
 Әулетті ел мен сан қорған.

...

Әлия-Мәншүк шам-шырақ,
 Ән-жырға қосты өр халқы.
 Әсем-гүл, көркем бал құрақ,
 Әлемге жетті ер-даңқы.

...

Әліппені үйреніп,
 Әріптерін теремін.
 Әжем келсе үйге еніп,
 Әңгіме айтып беремін.

Бұлбұл құстар сайраса,
Бақа отыр бақылдап.
Барыс тісін қайраса,
Бүркіт ұшты саңқылдап.

Барлық халық аңсаған
Бейбіт күннің шуағын.
Бал-бөбекпін, ән салам,
Бейбітшілік ұраным.

Бейбарыс ұлы бабам сұлтан болып,
Бидеген он сегіз жыл Мысыр елін.
Басқыншы жасаса да қанша жорық,
Бағы асып, талайлардың үзген белін.

Бірлік түбі — береке,
Бақ қонады халқыма.
Баянды бақыт мереке,
Бостандық таңы жарқыра.

Бауыржан атам өжет ер,
Батыр да, басшы, көреген.
Бақытты қандай туған ел,
Болаттай алмас ұл берген.

...

Бегемоттың өздері,
Бір тоннадан артады.
Баданадай көздері,
Барлық жанды тартады.

Вв

...

Ворона — қарға,
Вперед — алға,
Ворота — қақпа,
Взад — артқа.

Гг

...

Гүлгүл жайнап жер аспан,
Гүрілдейді сайда өзен,
Гүлжазира, жарасқан
Гүлдерімен қай кезең?

...

Гүл шырынын жияды,
Гу-гу етіп аралар.
Гүлім жөндеп ұяны,
Гүл тереді балалар.

ҒҒ

...

Ғалым болып данышпан,
Ғылым тыңын көтерем.
Ғарышқа ұшып, Марстан,
Ғасырымда гүл терем.

Ғалияның көкесі
Ғарышкер — Тоқтар білікті.
Ғарыш жолын, төтесін,
Ғылымменен біліпті.

Ғалам заңын игерем,
Ғарышқа ұшам тоқтамай.
Ғылым- білім үйренем,
Ғарышкер Талғат — Тоқтардай.

ДД

Дулыға бастан түспеген,
Дұшпанын қуған, күштеген.
Даласын қорғап бабалар,
Досына "үйге түс" деген.

...

Домбырам төрде ілінген,
Досым ғой менің ұнатқан.
Доп қусам да ініммен,
Дыбысы кетпес құлақтан.

Ее

Ер бабалар жан салып,
Елдіктің қамын ойлаған.
Ереуіл атқа ер салып,
Елін, жерін қорғаған.

Еркіндік туы желбіреп,
Егеменді ел болдық.
Еркелеп қарап елжіреп,
Еңсеміз биік, ер болдық.

Егемен елдің ұланы
Еңбек етсе ерінбей,
Еңсесі биік тұрады,
Елдіктің туы сөгілмей.

Жж

Жалған сөзді айтпаймын,
Жолдас досты сатпаймын.
Жаман ісін бетке айтып,
Жақсылығын мақтаймын.

Зз

Зерделі бала тоқыған,
Зерігуден қашады,
Зейінді бала оқыған,
Зор іске қадам басады.

И и

Исатайдай батыр болам,
Иса атадай ақын болам.
Игілікке жақын болам,
Игі істе батыл болам.

Й й

Ыбырай, Абай, Наурызбай,
Қарасай, Сайын, Бұхарбай,
Ағыбай, Майқы, Әйтеке,
Әбілхайыр, Олжабай.

К к

Көк жалауым желбіреп,
Күн шуағын тұр төгіп.
Көп қараймын елжіреп,
Көңілімнен күй төгіп.

...

Көрпеге оранып,
Көсіліп жатпаймын.
Кітапты қолға алып,
Көп өлең жаттаймын.

...

Көмектесіп Әжеме,
Күнде барам дүкенге.
Көп күтуге төземе,
Кезек берем үлкенге.

Қ қ

Қара Қыпшақ Қобыланды,
Қанжығалы — Бөгенбай,
Қошқарұлы Жәнібек,
Қара керей Қабанбай,
Қазақ елін қорғаған
Қас дұшпаннан тайсалмай.

Қайыржан мініп ұшаққа,
Қасиеттерін мақтайды.
Қос қанатын бірақта
Қарлығаштай қақпайды.

Л л

Лашын ұшты аспанда,
Лыпылдап қағып қанатын.
Лажы жоқ қой қашқанда,
Лақты іліп алатын.

Лағым жардан секіріп,
Лайлап кетгі бұлақты.
Лайықсыз іс істеп,
Лайлауы ұят-ты.

М м

Мағжаным қазақ ұлы елін сүйген,
Мысынан дұшпанының беті күйген.
Мыржақып, Ахметтей ағаларын,
Мадақтап, асыл сөзін бойға түйген.

Мәншүктің батырлығын берсін,
Мұқағалидың ақындығын берсін,
Мұстафа Шоқайдың батылдығын берсін,
Мұхтардың халқына жақындығын берсін.

Н н

"Нан қиқымын жыймаған
Нағыз надан", — дейді атам.
"Нанды сақтап жинаған
Нағыз адам", — дейді апам.

Нанның дәмі кетпейді,
Нағыз еңбек еткенге.
Не қиындық өтпейді
Нарық қысып кеткенде.

Ң ң

Аң. Таң. Шаң.
Оң. Тоң. Соң.
Кең. Жең. Тең.
Лаң. Паң. Маң.
Шың. Мың. Тың.
Көң. Мең. Өң.

Жаңғырық, мәңгілік,
Еңбек, жеңбек,
Еңіс, Жеңіс,
Еңлік, Теңдік.

Оо

Орасан күшпен жаптырдық,
Одақтың ұлы ордасын.
Отбасым тыныш, бақ құрдық,
От-шоқтай, ұл-қыз болғасын.

Отан — Ана, Отан — Ел
Отан — дана, Отан — жер.

Отбасымыз көңілді,
Осы дұрыс қой жақынға.
Отау құрып бөлінді,
Оспан көкем жақында.

Өө

Өзінің тілін білмеген
Өмірге өрлеп баса алмас,
Өзінің елін күндеген
Өзгеден асып-таса алмас.

Өз тілім — арым-ұятым,
Өзегі тұнған намысқа.
Өмірім, жырым, қуатым,
Өрісім, ұшар алысқа.

Өрмекші кетіп барады
Өрмегін тоқып масаға.
Өнермен жемін табады
Өрмелеп жүріп тасада.

Пп

Парасатты ел басы
Парызын елдің өтейді.
Пасықтардың балғасы
Пәктіктің көзін бітейді.

“Тысықтардан” не пайда,
Парызын елдің ұмытса?
Парықсыздан не пайда,
Пайдасын ойлап, құнықса?

Пай-пай тіпті сасқаннан,
Пілдер қашты тышқаннан.
Пана таппай жортады,
Пәледен жаман қорқады.

Рр

Рахым етсең досыңа,
Рахметін айтады.
Рахат қонса қосына,
Рауан таңы атады.

Райхан — қызыл гүл,
Раушан — ашық гүл.
Райхан мәз болып,
Реттеп тасып жүр.

Рахым — мейірімділік,
Реніш — ызақорлық.

Сс

Соғыстың өргін көрмейді,
Сарбаз да, сәби бала да.
Сағыныш оты сөнбейді,
Сарғая күткен Жан-Ана.

Сиырымның торпағы
Сырт етсе есік қорқады.
Сабақтан келсем, сұт сұрап,
Соңыма түсіп жортады.

Тт

Тамсанып, бөбек, сал әнге,
Егемен, елміз, еркінбіз.
Танытты халқын әлемге,
Тұңғыш Президентіміз.

Таңымыз атты нұр шашып,
Туымыз көкпен таласып.
Толқиды көңіл жыр шашып,
Көп ұлттар бірге жарасып.

Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би,
Татулықтың ордасын бірге тіккен.
Төгілтіп алмас тілден жыр менен күй,
Тарихтың қойнауынан бізге жеткен.

Уу

Уәде берсең орында,
Уақытты өткізбей.
Уақ істің қолында,
Уәдесіз дегізбей.

Ұұ

Ұла қардың үстінде,
"Ұрыс салдық" кешкілік.
Ұсталып қолға түстің бе?
Ұтысқа керек ептілік.

Ұстаздарым білікті,
Ұланымын айбатты.
Ұлы істерде жүректі,
Ұрпағымын қайратты.

Ұстарасын атамның,
Ұстамаймын бермесе.
Ұста ағамның балғасы,
Ұшқын шашар сермесе.

Ұялшақ болма, достарым,
Ұтады сені — сыр алған.
Ұтымды сөйле, ұқ бәрін,
Ұлы істер күтіп тұр алдан.

Ү ү

Үздік оқып сабақты,
Үлгілі болу ылайық,
Үлес қосып жан-жақты,
Үйірмелер құрайық.

Үстел ұсын кіргенде,
Үлкен кісі есіктен.
Үлгілі екен демей ме,
Үлгі алған деп бесіктен.

Ф ф

Философың — данышпан,
Фирузаңыз — жасыл тас.
Фасоль — бұршақ, асыл дән,
Факт — шындық алдамас.

Х х

Хатшы еді, көрмегем,
Хат жаздым көкеме.
Хал жайын білмек ем,
Хабарым жете ме?

Халқына қалаулы,
Хат жаздым атама.
Хал-жайын білмекпін,
Хабарсыз жатам ба?

Һ һ

Қаһарман қала Отырар,
Алты ай жаумен айқасқан.
Қайырхан бабам, оты бар,
Бастартпаған шайқастан.

Қазына — жиһаз, байлығы,
Оранып өртке, шаң болған.
Қаһарлы ұлы, өр қызы
Сатқындықтан қан болған.
Жаһанды шапқан Шыңғысхан
Қаһарман елге таң қалған.

Ц ц

Цель — нысана ататын,
Цеце — шыбын шағатын,
Цапля — деген Құтан құс,
Цена — баға, затты сататын.

Ч ч

Чекмень — шекпен атам киетін,
Черепаха — тасбақа ілбіп жүретін,
Чабан — шопан, тәте, қой баққан,
Часовой — сақшы ісін білетін.

Ш ш

Шаштаразға бардым да,
Шаш алдырдым қорықпай.
Шар айнаның алдында
Шыр айналдым борықтай.

Шаңғы тебем қиялап,
Шанамен де сырғанап.
Шахмат ойнап "Қарсыма"
Шах! Мат! Деймін "Уралап".

Щ щ

Щука — шортан біліп қой,
Шелк — жібек іліп қой,
Щенок — күшік кәдімгі,
Щепка — жаңқа, қыйық қой.

Ъ ъ

Конь — дегенің Атыңыз,
Тень — көлеңке, жатыңыз.
Пень — түбіртек аталар,
Соль — тұз, дәмін татыңыз.

Ы ы

Ызғарлы боран соғып тұр,
Ылдиға түсіп ықпадық.
Ынжықтар әні тоңып тұр,
Ықтасын іздеп бұқпадық.